

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 19 қараша N 1608.  
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.05. N 206 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереже;  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымы аппарат қызметкерлерінің шекті санына сүйене отырып 210 адам (комитеттерді, департаменттерді және басқармаларды қоса алғанда) болып, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне үш вице-министр, сондай-ақ 10 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 144 қаулысымен. P 9 8 0 1 4 4 \_

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппараты үшін 8 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 144 қаулысымен.

P980144\_

5. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997

жылғы 23 мамырдағы N 877 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 22, 193-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 19 қарашадағы

N 1608 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігі (Ауылшармині) туралы

ЕРЕЖЕ

## I. МИССИЯ

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсібі кешенінің салаларын орнықты дамыту саясатын қалыптастыру және жүргізу.

## II. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады және жер ресурстарын басқару саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Министрлік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджетте көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Министрліктің құрылымы мен штат санын белгілейді.

Министрлік заңды тұлға болып табылады, бюджеттік және ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

### ІІІ. Б А С Ы М Д Ы Қ Т А Р Ы

Министрлік қызметінің негізгі басымдықты бағыттары:  
агроөнеркәсіп кешенінде экономикалық реформаларды жүзеге асыру;  
сыртқы және ішкі рынокта бәсекелестік қабілеті бар отандық тағам өнімдері  
мен ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;  
нарықтық инфрақұрылымды, сервистік материалдық-техникалық қамтамасыз  
ету және қызмет көрсету жүйесін, агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық қамтамасыз  
е т у д і қ а л ы п т а с т ы р у ;

орман, аң және балық ресурстарын қорғау, ұдайы өндіру және ұтымды  
пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту;  
сыртқы және ішкі рынокта ауыл шаруашылығы өнімін өткізуге жәрдемдесу  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

### ІV. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

М и н и с т р л і к :

агроөнеркәсіп кешенін әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық  
жоспарларын әзірлеу мен жүзеге асыруды;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, су және жер ресурстарын ұтымды  
пайдалану мен қорғауды қоса алғанда, ауыл, орман, аң және балық  
шаруашылықтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуді және  
о н ы і с к е а с ы р у ғ а қ а т ы с у д ы ;

ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, аң және балық шаруашылығы  
өндірісінде, жерді және суды пайдалануда мемлекеттік саясатты әзірлеуді және  
о н ы ж ү з е г е а с ы р у д ы ;

маркетингтік қызметтерді дамытуды және агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық  
қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруды;

агроөнеркәсіп кешенінде реформаларды қамтамасыз етуді, ауыл  
шаруашылығының нарықтық экономикаға бар-бар құрылымдарының әр түрлі  
т и і м д і н ы с а н д а р ы н да м ы т у д ы ;

ауыл шаруашылығы, балық, орман және аңшылық өнімін өндіру мен  
ұқсатуды тұрақтандыру мен өсіру жөніндегі шаралар кешендерін жүзеге  
а с ы р у д ы ;

мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды және техникалық және энергетикалық  
қамтамасыз етуге, химияландыруға және ауыл шаруашылығын сумен  
жабдықтауға, мелиорациялауға, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге сервистік  
қызмет көрсетуге жағдайлар жасауды;

жер қатынастарын дамыту, жермен шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарының тиімді жұмыс істеуі, жерлердің құнарын сақтау мен ұдайы өндіруге, оларды ұтымды пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асыру үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдай жасауды қамтамасыз е т е д і .

## V . Ф У Н К Ц И Я Л А Р Ы

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу мен қолдау жөніндегі шараларды ә з і р л е у г е қ а т ы с а д ы ;

ауыл, балық, орман және аңшылық, су шаруашылығы мен жер қатынастары мәселелері бойынша заң жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді ә з і р л е й д і ;

республиканың орман, аң және балық ресурстарын пайдалану жөнінде ұйымдастыру және рұқсат беру шараларын, сондай-ақ олардың жай-күйіне, қорғалуына, күзетілуіне, ұдайы өндірілуімен және сарықпай пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды;

мал дәрігерлігі профилактикалық шараларының орындалуын, республика аумағын жануарлардың ерекше қауіпті жұқпалы ауруларының таралуынан қорғауды ұйымдастырады ;

Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау және пайдалану мәселелерінде Каспий аймағы мемлекеттерінің балық шаруашылығының мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

республиканың бүкіл аумағында балық запасын қорғау, ұдайы өндіру және балық аулауды реттеу жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

су ресурстарын пайдалану мен қорғауды, мемлекетаралық су бөлуді реттейді;

шектес мемлекеттермен геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстарды жүзеге асыруды үйлестіреді;

мемлекетаралық сыртқы экономикалық байланыстардың басым бағыттарын белгілеуге қатысады, инвестицияларды ауыл, балық, орман, аңшылық, су және жер шаруашылықтарында пайдалануға жағдай тудырады;

балық, орман және аңшылық ресурстарын, су және жер қорын, карантинді өсімдіктерді, тұқымды ұтымды пайдалану, қорғау және ұдайы өндіру, мал дәрігерлігі заңдарының, асыл тұқымды ісі мен техника қауіпсіздігінің орындалуы үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

## VI. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Министрліктің жүктелген міндеттерге сәйкес:  
өз құзыретіндегі мәселелер бойынша атқарылуға міндетті шешімдер қабылдауға және нормативтік актілер шығаруға;  
заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;  
заңда белгіленген тәртіппен Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін статистика органдарынан және тиісті министрліктер мен ведомстволардан қажетті есеп деректерін алуға;  
заңда белгіленген тәртіп пен жағдайларда лицензиялауды жүзеге асыруға;  
өз құзыреті мен өкілеттіктерінің шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікті пайдалануды жүзеге асыруға;  
суармалы жерлерді мелиорациялаудың жай-күйі мен пайдалану үшін техникалық қадағалауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жайылымдарды суландыру үшін инженерлік қадағалауға;  
мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;  
тұқым шаруашылығында, сортты сынауда және сортты жаңалауда, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының жаңа тұқымын өсіріп шығаруға және қолдауға, балықтың жаңа түрлерін жерсіндіруге;  
орман, аңшылық, балық, жер мен су ресурстарын ұтымды пайдалануға, ұдайы өндіруге және қорғауға;  
еңбекті, өртке қарсы қауіпсіздікті, машина-трактор паркінің техникалық жай-күйін қорғауға;  
карантин қызметі, тұқымдық іс, мал дәрігерлігі, өсімдіктер мен ормандарды қорғау жөніндегі нормативтік актілерді сақтауға;  
мал дәрігерлігі препараттарын өндіруге құқығы бар.

## VII. МИНИСТРЛІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Министрлік пен оның аймақтық органдары Ауыл шаруашылығы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын Министр басқарады.

Министрдің өзінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

Комитеттердің төрағаларын министрдің ұсынуымен Үкімет қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Министрліктің орталық аппараты Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен басқармалардан тұрады.

Министрліктің құрамына төрт комитет енеді, олар заңды тұлғалар болып табылады және банктерде шоттары бар. Комитеттердің өздерінің аймақтық органдары болады.

Комитеттер Министрліктің құзыреті шегінде атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың ішкі салаларына басшылықты жүзеге асырады. Комитеттер туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Министр Министрлік қызметін басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

Министр өзінің орынбасарларының және Министрліктің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;

Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

облыстық ауыл шаруашылығы органдарының басшыларын тағайындауға келісім береді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті мемлекеттік органдарда, ұйымдарда білдіреді;

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін және Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шегінде Министрліктің жүйесіне енетін комитеттердің, департаменттердің, басқармалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдар мен мекемелердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады және нұсқаулар береді.

Министрлік қажетті жағдайларда республиканың басқа да

министрліктермен және ведомстволармен бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады.

Министрлікте Министр (алқа төрағасы) бастаған құрамында Министрдің орынбасарлары (Вице-министрлер), сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді. Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

Министрдің орынбасары (вице-министр) Министр болмаған кезде оның қызметін атқарады, Министрлік жанындағы комитеттердің қызметін үйлестіреді, өзіне Министр жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 19 қарашадағы  
N 1608 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің қарауындағы ұйымдардың

### ТІЗБЕСІ

Өсімдіктердің карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекция  
облыстық мемлекеттік инспекцияларымен

Республикалық өсімдік қорғау станциясы

Республикалық астық инспекциясы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі  
республикалық мемлекеттік комиссия облыстық инспектураларымен, сорт  
сынау станцияларымен және учаскелерімен

Республикалық мемлекеттік тұқым инспекциясы облыстық және  
аудандық мемлекеттік тұқым инспекцияларымен

"Қазақ мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясы" қазыналық  
кәсіпорны (ҚазМСС)

"Павлодар мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясы" қазыналық  
кәсіпорны

"Тың мемлекеттік машина сынау станциясы" қазыналық кәсіпорны

Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы

Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы

"Инжгеодезия" Алматы инженерлік-геодезиялық қазыналық кәсіпорын

"Картография" картографиялық қазыналық кәсіпорны

"Картографиялық және геоақпараттық жүйелер ғылыми-өндірістік кәсіпорны" қазыналық кәсіпорны (ҚартақпарагҒӨК)

"Орталық картографиялық-геодезиялық қор" қазыналық кәсіпорны (ОКГК)

"Ақмолатопогеодезия" Ақмола топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Ақтөбегеодезия" Ақтөбе картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Жамбылгеодезия" Жамбыл картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Қарағандымаркшедерия" Қарағанды топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Шымкентгеодезия" Оңтүстік Қазақстан топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Талғаргеодезия" Талғар топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Көкшетаугеодезия" топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Семейгеодезия" топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Талдықорғангеодезия" топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

Майбалық балық питомнигі

Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы

Қапшағай уылдырықтандыру-өсіру станциясы

Қапшағай уылдырықтандыру-өсіру шаруашылығы

Жезқазған балық питомнигі

Қамыстыбас балық питомнигі

Зеренді балық питомнигі

Жоғарғы Тобыл балық питомнигі

Качир балық питомнигі

Шідерті уылдырықтандыру-өсіру шаруашылығы

Петропавл балық питомнигі

Қарағанды балық питомнигі

Қазақ мемлекеттік теңізде жүзу қауіпсіздігі мен балық өнеркәсібі  
флотын порттық қадағалау инспекциясы (Қазақмембалықфлотинспекциясы)

Мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі  
ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО) еншілес кәсіпорындарымен

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық зерттеулер  
жөніндегі институты (МАШҒЗИ)

Қазақ жер мониторингі және экожүйелер қазыналық институты  
(ҚазЖМИ)

Қазақ орман орналастыру кәсіпорны

Республикалық орман инженерлік селекциялық-тұқым орталығы  
(ОИСТО)

Алматы аймақтық орман инженерлік селекциялық-тұқым шаруашылығы  
орталығы (ОИСТО)

Қазақ ормандары авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы

"Охотзоопром" ӨБ-нің "Лавар" оқу-өндірістік селекциялық кәсіпорны

Қазақ орман шаруашылығын жобалау институты (Қазгипроорманшар)

Қазақ орман шаруашылығының бас қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру институты (ҚазОШБАИ)

Қазақ республикалық орман-тұқым шаруашылығы станциясы

Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлігін қадағалау бас басқармасы

Ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларына қарсы күрес жөніндегі республикалық экспедиция

Жануарлардың аса қауіпті аурулары жөніндегі республикалық аймақтық мамандандырылған мал дәрігерлігі лабораториясы

"Союзцелинвод" тресі

"Спецводопроводсельстрой" кәсіпорны

Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын

Шардара ГЭС-і су қоймасымен

"Қызылордасельхозводопровод" тресі

Тасөткел су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма

"Суавтоматика" ғылыми-өндірістік орталығы

Конаев атындағы Үлкен Алматы каналы мен Бартоғай су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма

"Арал" салынып жатқан кәсіпорындардың біріккен дирекциясы

"Қазсуресурстары" ғылыми-техникалық ақпарат орталығы

"Қазагромелиоводхоз" республикалық мелиорация және су шаруашылығы  
өндірістік бірлестігі

Республикалық маркетингтік зерттеулер мен нарықтық ақпараттар  
орталығы

Республикалық баспа-әдістемелік орталығы

"Ауыл жастары" республикалық ауыл шаруашылығы бірлестігі

"Ауыл" газетінің редакциясы

"Сельская новь" газетінің редакциясы

Өндірістік-пайдалану басқармасы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 19 қарашадағы  
N 1608 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

### ҚҰРЫЛЫМЫ

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі департаменті

Қаржы департаменті

Маркетинг және аграрлық саясат департаменті

Ұйымдастыруды қамтамасыз ету және бақылау басқармасы

Заң қызметі (бөлім)

Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында)

Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті (заңды тұлға құқығында)

Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)

Су ресурстары жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.22. N 382 қаулысымен.

P980382\_

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 891 қаулысымен.

P980891\_